

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2017

УДК 378

Г. А. Мухатаева, Н. А. Мейрамова

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-ДАҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН САБАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ

ҚММУ Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкес қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша, оның ішінде өткізілетін сабақтар әдістемесі қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі заманғы Қазақстандық білім берудің әдістері мен түрлері, оқытудың әр түрлі типтері үшін оқытушыға қойылатын талаптар, жаңартылған білім беру технологиялары негізінде әртүрлі сабақ түрлерінің ерекшеліктері және оқытудың әртүрлі оқыту құралдарын пайдалану туралы қарастырылады. Барлық ұсынылған оқытудың әдістері мен түрлері Қазақстан тарихы мен ӘСП кафедрасында оқытылатын пәндер негізінде қарастырылған.

Кілт сөздер: қоғамдық гуманитарлық пәндер, әдістер, оқу үрдісі, медициналық білім беру, оқытудың белсенді түрлері, педагогикалық технология

Еліміз өркениетті елдер қатарына қосылып, егемендік алған тұста осы елдің келешегін жалғастырар, экономикасын, мәдениетін көтерер ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің талабы.

«Білімді де белсенділігі бар елдің қашанда еңсесі биік, болашағы зор болады» - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев [4] атап өткендей, ХХІ ғасырдың басты талабы-білімді жастар және интеллектуалды ұлт қалыптастыра отырып, білім мен ғылымның ғасырына айналу. Қазіргі таңда мемлекеттің қарқынды дамуы үшін жастардың жоғары деңгейде білім алуы алға қойылып отыр.

Қазақстанның білім беру жүйелерінде енгізіліп жатқан педагогикалық технологиялардың кейбіреулеріне тоқталар болсақ, олар мыналар:

- ынтымақтастық педагогикасы;
- ірілендірілген дидактикалық бірліктер технологиясы;
- ақпараттық технология;
- интерактивті технология;
- модульдік технология;
- сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
- деңгейлік саралап оқыту технологиясы,
- қашықтықтан оқыту технологиясы [3].

Осылардың ішінде оқу үдерісінде көбірек еніп, Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасында қоғамдық гуманитарлық пәндерді оқытуда қолдау тауып жүргендерінің кейбіреулерін атап кетейік. Модульдік технология – әр студенттің жеке басының дамуына, оқу барысын жекелеуге бағытталған оқу жүйесі. Модульдік технологиялардың негізін салушылардың бірі Русель оқу материалының мазмұнын аз көлемде, дербес тақырыптармен беруді ұсынады. Модульдік технология ұжымдық оқыту тәсіліне

негізделеді. Мысалы, модульдік технология Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы пәнінің дәріс сабағын оқыту барысында қолданылатын әдіс. Қазақстанның қазіргі заман тарихын бөлімдерге, яғни модульдерге бөлу арқылы меңгерту қолға алынған. 1) Әр модульдің атауы кезеңдердің атауына сәйкестендірілген: I модуль – «Қазақстан тәуелсіздікке барар жолда»; II модуль – «ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік реформалардың Қазақстандағы қайшылықты салдарлары»; III модуль – «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік стратегиясы және әлеуметтік-экономикалық дамуы»; IV модуль – «Тәуелсіз Қазақстандағы демократиялық және рухани жаңарулар». 2) Мәселелік сұрақтар арқылы модульдерді игеру. Мысалы: I модуль – «Қазақстан тәуелсіздікке барар жолда» бойынша басты мәселелік сұрақ: Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы тәуелсіздік үшін күрестің алғышарттары қандай болды?

II модуль – «ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік реформалардың Қазақстандағы қайшылықты салдарлары» бойынша: Қазақстан Кеңес Одағының шикізат көзі; Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы Қарағандылық батырлардың ерлігі т.б.

III модуль – «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік стратегиясы және әлеуметтік-экономикалық дамуы» бойынша: Қазақстан мемлекетінің дүниежүзілік аренадағы рөлі мен орны; Қазақстандық «барыс» көпке бара ма? IV модуль – «Тәуелсіз Қазақстандағы демократиялық және рухани жаңарулар» бойынша Ұлы Дала елінде тарихи сананы және дүниетанымды қалай қалыптастыру керек? Мәңгілік Ел ұлттық идеясының өміршеңділігі неде? деген мәселелі сұрақтарды қарастырудан тұрады. 3) Дәріс сабағында

берілген материалды міндетті түрде бекіту, интерактивті әдістер қолдану (7 мин. сабақ соңында). Сабақта қолданылатын әдістердің түрі: «кластер» стратегиясы, тренинг, тарихи диктант.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы студенттерді дайын ақпараттарды қабылдаушы ретінде ғана емес, әрбір жаңа ақпаратқа сыни ойлау тұрғысынан қарап, талдау жасай отырып қабылдаушы ретінде қарастырады. Бұл технология – педагогтың бағыттауымен студенттердің білімді өз бетінше игеруіне мүмкіндік тудырады. Аталған технологияға құрылған сабақ үш бөлімнен тұрады:

1. Қызығушылықты ояту;
2. Мазмұнды тану;
3. Ой толғаныс.

Педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне енгізе отырып, болашақта студенттерден күтілетін нәтижелер:

- өмірдің өзгермелі жағдайларында бейімделгіштегінің жоғары болуы;
- қажетті білімді дербес түрде ала біліп, оны өмірде әртүрлі мәселелерді шешуге пайдалануы;

- сын тұрғысынан ойлау арқылы өз әрекетін тиімді ұйымдастыруға ұмтылуы;

- жаңа ақпараттармен сауатты жұмыстануы; түрлі топтар арасындағы қарым-қатынастытың мәдениетін игеруі [1].

Жоғарғы оқу орнындағы оқу үрдісі, оның ішінде медициналық бағыттығы ЖОО-дағы білім беру жүйесі – күрделі құрылымы, ұйымдастыру түрлері, өзіне тән ерекшеліктері бар жүйе. Оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыру – пән мазмұнын терең де жанжақты игертудің, тәжірибелік іскерлік пен дағды қалыптастыруда оқытушы мен студенттің бірлескен әрекеттерін іске асыру жолы. Оның құрылымдық жүйесі: теориялық және тәжірибелік дайындықты қалыптастыру бағытын көздейді. Теориялық дайындықты қалыптастыру бағытындағы оқытудың түрлеріне: дәріс, семинар, студенттің атқаратын өзіндік жұмысы, конференция, консультация жатады. Ал тәжірибелік бағыттағы оқытудың түрлері: тәжірибелік сабақ, тәуелсіз зерттеу жұмысы болып бөлінеді. Дидактика ғылымында бұл жүйелер белгілі бір дидактикалық міндеттерді шешуде студенттің танымдық әрекетін басқару тәсілі ретінде де сипатталады.

Білім берудің сипатына, мақсатына қарай пән мазмұнына өзгерістер, толықтырулар енгізіле береді. Ал оны игертудегі жұмыс түрлері тұрақты саналады.

Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасындағы «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» және «Әлеуметтану» пәндерін оқыту барысында жоғары оқу орындарында медициналық бағытта тәлім алатын студенттерге мәліметті меңгертудің тиімді жолдары қарастырылған. Дәлірек айтар болсақ, дәріс және тәжірибелік сабақтарды өткізу барысында қолданылатын әдістердің түрлері көрсетілген және бұл әдістерді басқа да пәндерді оқыту барысында да ұсынуға болады.

Жоғары білім беру тәжірибесінде оқытуды ұйымдастырудың ең негізгі және дәстүрлі түрі – дәріс екені белгілі. Дәріс студенттерді ғылымға енгізеді, игеретін пәннің ғылыми-теориялық негіздерімен таныстырады, оқытудың басқа жұмыс түрлерінің бағытын анықтайды. Дәрістен бас тарту студенттің дайындығының ғылыми деңгейін төмендетеді, семестр бойы жұмыстың жүйелі жүру қалпын бұзады. Дәріс арқылы студент пен оқытуы тығыз қарым-қатынаста болады. Өз пәнін жетік меңгерген, эрудициясы жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, жаңа технологиялармен қаруланған педагог студенттердің ғылыми интуициясын қалыптастырады, ғылым, білім әлеміне енгізеді, іздендіреді. Мұндай мүмкіндіктерді ешбір техникалық құралдар бере алмайды. Сондықтан дәріс оқытуды, білім беруді ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады. Оқытушы дәріске дайындалғанда оның мазмұнына, мазмұнды жеткізудің әдістәсілдеріне және құрылымына көңіл бөлуі тиіс. Дәріс қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша мынадай талаптарды қанағаттандыруы қажет: дәрісті өткізудің тәрбиелік жағы, ғылымилығы, ақпараттылығы, нанымдылығы, сендіру фактілерінің молдығы, тыңдаушыларының ойын дамытуы, ойлануға сұрақтар құрастыру, оны бірізді, жүйелі аша білуі әдістемелік өңдеуі, негізгі ойды бөліп алу, тұжырымдар жасау, терминдердің мәнін ашу, жаңа білімді әртүрлі жолмен қайталау, бекіту, дидактикалық материалдарды, техникалық құралдарды пайдалану.

Семинар – дәрісте басталған жұмыстың логикалық жалғасы болып саналады. Егер дәріс ғылыми білімнің негізін қалыптастырса, семинар және тәжірибелік сабақтар бұл алынған білімдерді нақтылап, оны кеңейте түседі. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша семинар және тәжірибелік сабақтарда келесі түрлері қолданыста:

Семинар-әңгімелесу – жоғарғы білім беруде кеңінен қолданыстағы түрі. Ол

құрастырылған жоспарға сәйкес және оқытушының соңғы сөзінен тұрады. Тақырыпты талдау заңдылықты талдаудан, түсініктер мен категориялардың мәнін түсіндіруден және қарастырылатын сұрақтың гносеологиясын анықтаудан тұрады, әдетте факультеттің бейіні мен студенттің мамандығын таныстырудан басталады. Семинар-әңгімелесудің соңында студенттер жұбысы талқыға салынады, оның нәтижелері бағаланады, келесі сабаққа тапсырмалар беріледі.

Студенттердің баяндамасын тыңдау және талдау – семинар сабағының маңызды түрі. Оқытушының тапсыруымен жекелеген студенттер алдын-ала қарастырылатын тақырыптың нақты сұрақтары бойынша баяндама жасауға дайындалады. Баяндамада негізі үш бөлім бөлінеді: кіріспе, онда тақырып, оның әдістемесінің мәні, құрылымы мен мазмұны анықталынады, бұл тақырыптың зерттеушілер еңбектерінде қалай көрініс тапқандығы көрсетіледі. Мазмұнына қарай кіріспе бөлімге 3-5 минут беріледі. Әрі қарай негізгі бөлім (мәселелі болғаны жөн) және қорытынды бөлім баяндалады. Мұндай баяндаманың ұзақтығы 15-20 минуттан көп болмайды. Әр семинар сабағында 2 баяндамашының жұмысы жоспарланады. Баяндама ретінде өткізу әдістемесінде басты орынға оны талдау иеленеді. Сондықтан да баяндамашылардың жұмысы кезінде студенттердің олардың тезистерін және өздерінің ескертулерін қысқаша жазып алып отырғандары тиімді. Семинар тақырыбына қатысты негізгі баяндамалармен қатар қосымша баяндамалар болатын болса, оларға да сөз кезегі беріледі. Баяндамашылардан кейін пікірталас жүреді, пікірталастың соңында баяндамашы соңғы қорытынды сөзімен сөйлейді және онда объективті көзқарасын жеткізуге тырысуы қажет. Семинар сабағының соңында оқытушы сабақты қорытындылайды. Егер баяндаманы талқылау барысында кереғар көзқарастар орын алса оқытушы ғылыми баға береді, баяндаманың даярлануына өзінің жұмысқа қатысты оң және теріс пікірін білдіреді және жұмыс бойынша ескертулер мен ұсыныстарын айтады.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша семинар сабақтарының арасында рефераттар ерекше орынға иеленеді. Реферат сөзінің төркіні баяндама жасаймын дегенді білдіріп, баяндамамен ұқсас болғанымен, студенттің шығармашылық жұмысының жоғарғы түрі болып есептелінеді. Егер

баяндамашы дайындық барысында жоспар мен мәселені конспектiлеумен ғана шектелсе, референтке ол жеткіліксіз. Оның ұсынған жұмысы қарастыралатын мәселе бойынша әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік аспектілерді қамтитын біткен жұмыс болуы қажет. Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының оқытушылары студенттерге республика тарихы бойынша шешімі екіжақты мәселелерді қарауға бағытталады.

Семинар сабақтарының қоғамдық пәндерді меңгерту кезіндегі тиімді түрі диспут болып саналады. «Диспут» деген сөздің түп-төркіні оның қатсушыларының жоғары ойлау қабілетінің болуын талап етеді. Семинар-диспут студенттерге қарастырылатын мәселе бойынша өздерінің көзқарастарын дәлелдеуге, ойларын нақты жеткізе алуға, кереғар көзқарастармен күресе алуға, жеке талдау жұмыстарын жасай алуға және өз бетімен қорытынды жасауды қалыптастырады. Мұндай семинардың жетістігі оны өткізудің ережелерінің сақталуына негізделеді: диспутта бақылаушылар жоқ, барлық қатысушылар белсенді тыңдармандар; дауда бәрі тең, ешкім ешкімді оқытпайды; сын қате қорытындыларға емес, диспут қатысушысының тұлғасына бағытталуы керек; оппонентті келемеждеуге, оны жазғыруға тыйым салынады. Семинардың бағалы қасиеттері дискуссия (зерттеу, талдау) барысында ашылады. «Дауда ақиқат туындайды» деген философтардың қағидағы дәл осы сабақ түріне сәйкес келеді. Бұл көбіне зерттеушілер арасында біржақты пікір қалыптастырылмаған, теория мен тәжірибедегі аса күрделі мәселелерге қатысты қолданылатын сабақ түрі. Оның тиімділігі мақсаттар мен оны шешудің нақты жолдары ұсынылғанда; гипотеза анықталғанда; әртүрлі көзқарастардың ғылыми шешу жолдарын іздестіру мақсатында дәлелдемелер қарастырылуына байланысты [2].

Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес Қазақстанның қазіргі заманғы тарихын ҚММУ студенттеріне меңгерту барысында семинар-жазбаша жұмыстар жүргізу кеңінен қолданылады, олар уақыт мерзімі бойынша 15-20 мин., кей тақырыптар бойынша 2 академиялық сағатқа да ұласуы мүмкін. Орындалған жұмыстар алдынала оқытушымен тексеріледі. Көбіне студенттердің өздеріне жұмыстарға пікір жазу ұсынылады. Олар дәріс конспектiлерінде, оқулық және ұсынылған әдебиеттердерде қарастырылған сұрақтар бойынша мазмұнына талдау жасайды, кезекті семинарда сыни тұрғыда қарастырылған

мәселе бойынша баяндама жасайды. Мәселені ұжымдық талдау жұмысы сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастырады, оқытушыға семинар-жазбаша жұмыстар дәріс, семинар сабақтарының қаншалықты тиімді болғандығын, қарастырылған сұрақтардың негізгі қорытындыларының қаншалықты тыңдарманға жеткендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихты оқытудың алдында тұрған білімділік-тәрбиелік міндеттердің ойдағыдай шешілуі үшін студенттерің тарих курсының мазмұнын қалай меңгеріп отырғандықтарын білудің маңызы зор. Тарихты оқыту процесінде ЖОО оқытушысы студенттерге білім беруге қатысты бірнеше міндетті шешеді. Студенттер негізгі тарихи фактілерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды ой елегінен өткізе отырып, теориялық білімдерді, яғни курстың идеялары мен ұғымдарын игеру, тарихи үрдістің кейбір заңдылықтарын біліп алуы керек. Білімнің терең меңгерілуі студенттердің ойлауын дамытуды: фактілерді талдай және қорытындылай білуді, оқиғалар мен құбылыстарды салыстырып, саралай білуді, оларды ез бетімен бағалай білуді көздейді. Соған қоса тарих нұсқаулары, косымша тарихи әдебиеттер мен карталар және көрнекі құралдармен өз бетімен жұмыс істеу шеберлігі мен дағдысын игеруі, студенттердің ауызша және жазба тілін дамыту қарастырылады. Тарихтың оқу пәні ретіндегі ерекшелігі сол, бұл пәннен білім бергенде мәнерлі сөздің рөлі орасан зор. Оқытушының әсерлі, қызғылықты әңгімесі студенттің өткендегінің жарқын бейнесін ойша көз алдына елестетуіне, оқу материалын айқын бейнелі түсінік қалыптасқанға дейінгі дәрежеде нақтылай түсуіне, сондай-ақ, тәрбиелеу міндетін шешу үшін аса қажетті болатын, студентке эмоциялық әсер етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Материалдарды ауызша баяндау кезінде студент пікір алысудың және тарихи оқиғалардың өзара байланысын түсіндірудің үлгісін көрсетіп береді. Материалдарды ауызша баяндау кезінде материалды нақтылай түсудің төмендегідей әдістері қолдану ұсынылады:

- нақты эпизодтар келтірілетін суретті әңгіме (мысалы: ХХ ғасырдағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы);

- рөлдік ойын (мысалы: тарихи тұлғалардың бейнесін ашу);

- тарихи оқиғалар мен құбылыстарды байланыстыру әдісі, бұл жағдайда типтік

фактілер тарихи адамның тағдыры арқышы көрсетіледі (мысалы, кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы жөніндегі документті материалға құрылған әңгіме, Қарағанды қаласының аумағындағы мұражайларға саяхат);

- тарихи оқиғалар мен құбылыстарды драмалы әңгіме ретінде айтып беру әдісі, бұл жағдайда типтік фактілер бірнеше тарихи адамдардың немесе ойдан шығарылған адамдардың қақтығысуы арқылы беріледі (мысалы, фашистік басқыншылыққа қарсы күрес жылдарындағы қазақ батырларының ерлігін баяндау);

- әңгімеге қызықты детальдар мен тәртіптеп суреттеуді енгізу, бұл баяндалып отырған оқиғалар мен құбылыстарды нақты етеді және оларды «жақындата» түседі (кеңестік Қазақстанның тарихи бастаулары жөніндегі фактілер);

- әркім әркімді оқытады, студенттерге бұл стратегия өзінің жинақтаған білімін топтасымен бөлісуге жағдай жасайды, бұл әдістің қолданылуы сабақ барысында меңгеруге тиісті түсініктер мен фактілердің жалпы көрінісін береді және студенттер тарапынан қызығушылық тудырады (мысалы, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауларындағы сабақтастық туралы);

- миға шабуыл жасау, шығармашылық белсенділікті арттыру мақсатында қолданылады, оның қатысушылары тез әрі шапшаң сұрақтарға жауап ерулері қажет (мысалы, тәуелсіздік жағдайындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысын қалыптастыру сұрақтарына байланысты тақырып);

- кіші топтар әдісі, студенттердің бір көшбасшының ұйымдастыруымен жүргізілетін жұмысы, бұл әдістің пән бойынша тиімділігі топтағы жұмысқа жеке дара топ мүшелерінің әрқайсысының үлесімен есепке алынады (мысалы, Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық және рухани жаңаруы атты бөлімінде кеңінен қолданылады);

- жобалық технология әдісі, жеке дара немесе топтық тәуелсіз зерттеу жұмыстары, бұл әдіс нақты қойылған талаптарға сәйкес атқарылады, нәтижесінде жобаға ұласады. Жеке дара шығармашылық қабілеттердің дамуына тікелей әсер етеді (мысалы, әлеуметтік реформалар және бәлім беру жүйесіндегі өзгерістер тақырыбы);

- оқу конференциясы, жобалық технология әдісі бойынша орындалған тәуелсіз зерттеу жұмыстарының демонстрациялануы

және алынған нәтижелердің апробациялануы, студенттік ғылыми-зерттеушілік конференцияларда талқылануы, Оқытудың бұл әдісі ғылыми-зерттеушілік дағдыны қалыптасырып қана қоймай, студенттің аудиторияның алдында өзін еркін ұстауы сияқты қабілеттерді де қалыптастырады.

- дөңгелек үстел әдісі, арнайы шақырылған мамандардың қатысуымен жүргізіледі, әдетте бұл әдіс тәжірибеде қалыптасқандай ҚММУ студенттерінің қатысуымен Облыстық өлкетану мұражайында жүзеге асырылады. Бұл әдістердің тиімділігі – студенттің қиялдау мен сақтау қабілетіне күшті әсер етеді. Студенттер айтылғанды есте жақсы сақтап қалады, тіпті біраз уақыт өткеннен кейінгі кезде де оқытушының әңгімесіне енгізілген типтік диалогтарды, өмірбаяндық мәліметтерді, қызықты детальдарды қайталап айтып бере алады. Білімнің терең меңгерілуі студенттердің ойлауын дамытуды: фактілерді талдай және қорытындылай білуді, оқиғалар мен құбылыстарды салыстырып, саралай білуді, оларды өз бетімен бағалай білуді көздейді. Соған қоса тарих нұсқаулары, қосымша тарихи әдебиеттер мен карталар және көрнекі құралдармен өз бетімен жұмыс істеу шеберлігі мен дағдысын игеруі, студенттердің ауызша және жазба тілін дамыту қарастырылады. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы пәнінде тарихи материалдарды, көркем әдебиетті, деректі құжаттарды, баспа ағындарын мақсатты пайдалану арқылы студенттердің ақыл ойын, адамгершілігін, эстетикалық, интеллектуалдық таным сезімін дамытып, өздігінен ізденуіне қолайлы жағдай тудырады.

Сабақ беру әдісінде студенттердің өз бетімен танымдық қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмалар берілуі тиіс. Әртүрлі ақпараттарды-кітап, оқулық, көркем әдебиет, баспа беттері, көмекші құралдар, деректер, құжаттар, тарихи өлеңдер, шежірелерді зерттеу үшін бастыны іріктейді, цитаталар алу, конспектілеу, жоспар, тезистер құрастыруға машықтанады.

Жан-жақты білікті, заман талабына сай мамандар дайындау бүкіл оқу үрдісін ақпараттандыру мәселесін жеделдеткенде,

инновациялық оқу технологиясын енгізу, оқытудың әлемдік озық үлгілері мен халқымыздың төл педагогикалық қағидаларын кешенді түрде пайдаланғанда мүмкін болары сөзсіз [5].

ӘДЕБИЕТ

1 Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – С. 12-28.

2 Момынова Ш. Р. Планы семинарских занятий по истории Казахстана. – Караганда: Болашақ-Баспа, 1998. – С. 3-9.

3 Мусин К. С. Система непрерывного педагогического образования в Казахстане, России, Англии и США: тенденции развития. – Алматы: Ғылым, 2000. – С. 7-45.

4 Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-2030. Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы: Білім, 1998. – 37 б.

5 Харден Р. М. Руководство АМЕЕН№20: Хороший преподаватель – больше чем лектор. 12 ролей преподавателя /Р. М. Харден, Дж. Кросби //Медицинское образование и профессиональное развитие. – 2012. – №4 (10). – С. 49-50.

REFERENCES

1 Bepal'ko V. P. Slogaemye pedagogicheskoy tehnologii. – M.: Pedagogika, 1989. – P. 12-28.

2 Momynova Sh. R. Plany seminarских zanjatij po istorii Kazahstana. – Karaganda: Bolashaq-Baspa, 1998. – P. 3-9.

3 Musin K. S. Sistema nepreryvnogo pedagogicheskogo obrazovanija v Kazahstane, Rossii, Anglii i SShA: tendencii razvitija. – Almaty: Fylym, 2000. – P. 7-45.

4 Nazarbaev N. Ә. Қазақстан-2030. El prezidentiniң Қазақстан halkyna zholdauy. Barlyқ қазақstandyқtardyқtardyң өsip-өркенdeui, қаuipsizdigi zhәне әl-auқatynyң artuy. – Almaty: Bilim, 1998. – 37 p.

5 Harden R. M. Rukovdstvo АМЕЕН№20: Horoshij prepodavatel' – bol'she ches lektor. 12 rolej prepodavatelja /R. M. Harden, Dzh. Krosbi // Medicinskoe obrazovanie i professional'noe razvitie. – 2012. – №4 (10). – P. 49-50.

Поступила 11.04.2017 г.

G. A. Mukhatayeva, N. A. Meiramova

*TYPES OF LESSONS AND TEACHING METHODS OF SOCIAL AND HUMANITARIAN DISCIPLINES IN MEDICAL SCHOOL
Department of Kazakhstan history and social and political disciplines of Karaganda state medical university
(Karaganda, Kazakhstan)*

The article content the methods of teaching lessons in social and humanitarian disciplines in the modern educational standards. And this article consider also the modern teaching techniques of the Kazakhstan education,

Медицинское и фармацевтическое образование

teacher requirements for different types of training, especially the organization of various types of lessons and the use of the various teaching techniques. All presented techniques and methods of training will be use in class of the department of Kazakhstan history and social and political disciplines of Karaganda state medical university.

Key words: public-humanitame discipline, methods, educational process, medical education, active forms of learning, pedagogical technology

Г. А. Мухатаева, Н. А. Мейрамова

*ВИДЫ ЗАНЯТИЙ И МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН
В МЕДИЦИНСКОМ ВУЗЕ*

Кафедра истории Казахстана и социально-политических дисциплин

Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)

В статье рассматривается методика преподавания занятий по общественно-гуманитарным дисциплинам в условиях современных образовательных стандартов, а также современные методы казахстанского образования, требования к преподавателю, особенности организации различных видов занятий на основе обновленных образовательных технологий, использование различных средств обучения. Все представленные приемы и методы обучения рассмотрены на примере дисциплин, преподаваемых на кафедре истории Казахстана и социально-политических дисциплин Карагандинского государственного медицинского университета.

Ключевые слова: общественно-гуманитарные дисциплины, методы, учебный процесс, медицинское образование, активные формы обучения, педагогическая технология